

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары»

Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру»

Өткізілген күні: 29 тамыз 2025 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: директоры: В.Б.Джуламанова

Хатшы: Нұримова Тұрсынхан

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары туралы**
2. **Білім беру қызметкерлерінің қалалық тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру**
3. **Жазғы сауықтыру және шынықтыру іс-шараларының қорытындысы.**
4. **2025–2026 оқу жылына арналған құжаттарды бекіту:**
 - Жылдық мақсаттар мен міндеттер
 - Оқу жоспары мен вариативтік бөлім
 - Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің үлестірілу кестесі
 - Перспективалық жоспарлар
 - Топтардағы күн тәртібі
5. **Аттестациядан өтетін педагогтерді анықтау және бекіту.**
6. **Педагогикалық тренинг: «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс».**

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Меңгеруші В.Б.Джуламанова жаңа оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталып, ұйым қызметінің бағыттарын айқындап берді.

Әдіскер В.Б.Джуламанова

2. білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің мазмұнын қысқаша шолып, онда көтерілген басты мәселелер мен ұсыныстарды ортаға салды.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілген іс-шаралар талданып, қатысушылардың белсенділігі мен денсаулығына оң әсері атап өтілді.
4. Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспардың құрылымы таныстырылып, төмендегі құжаттар бекітілді:
 - Жылдық жоспар
 - Оқу жоспарлары
 - Вариативтік бөлім мазмұны
 - ҰІӨ кестесі
 - Перспективалық жоспарлар
 - Күн тәртібі
5. 2025–2026 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтер тізімі жасақталып, бекітілді.
6. «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс» тақырыбындағы тренинг қызықты әрі пайдалы түрде өтті. Қатысушылар кәсіби өсу деңгейін анықтап, топтық жұмыстар, жеке рефлексиялар арқылы өз даму жоспарын жасады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру жұмысының негізгі бағыттары мақұлданын.
2. Тамыз кеңесінің ұсыныстары негізінде педагогтердің жұмыс жоспарына тиісті өзгерістер енгізілсін.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындылары негізінде келесі жаз маусымына ұсыныстар дайындалсын.
4. Жылдық жоспар, оқу жоспарлары, күн тәртібі және барлық құжаттар бір ауыздан бекітілсін.
5. Аттестациядан өтетін педагогтер тізімі бекітілсін, жеке даму жоспарларын жасау тапсырылсын.
6. Педагогикалық тренингті жүйелі түрде әр тоқсанда өткізу ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

В.Б.Джуламанова

Хатшы: Нұримова Тұрсынхан